Автор: БАЗАРБАЕВА АҚЕРКЕ ҚАЙРАТҚЫЗЫ
Пән: Математика
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Рационал сандар және оларға амалдар қолдану
Тақырып: Рационал сандарды салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.8 рационал сандарды салыстыру;
Сабақтың мақсаты:	- Оқушылар берілген координаталық түзуде рационал сандарды салыстырып үйренеді және дағдыланады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: • сан модулінің мәнін қалай есептеу керектігін түсіндіреді. Пәнге қатысты лексика мен терминология: • рационал сандар; координаталық түзу; бірлік кесінді; санақ басы; оң бағыт; теріс бағыт.
Күтілетін нәтиже:	Сан модулінің мәнін қалай есептеу керектігін түсіндеді
Бағалау критерийлері:	- бүтін сандарды салыстыра алады; - рационал сандарды салыстыра алады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылардың бір-біріне деген құрмет, басқаның пікірін тыңдау, өз пікірін еркін білдіру дағдыларының қалыптасуы бірлескен жұмыс арқылы іске асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	http://www.bilimland.kz/, интернет-ресурстарды пайдалану
Бастапқы білім:	Координаталық түзу, рационал сандар түсінігі, қарама қарсы сандар, санның модулі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5)	**Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен сәлемдесу **Психологиялық тренинг:**«Сәлеметсің бе!» әдісі Ал енді, балалар, барлығымыз жұппен тұрып, бір-бірімізбен **«Сәлеметсің бе?!»** әдісі арқылы амандасайық. Оқушылар кезек-кезек көршісінің аттас саусақтарына қолын тигізеді. Бас бармақтан бастайды: Мен саған (бас бармақ); Барлығында (балан үйрек); Табыс (ортан терек); Сәттілік (шылдыр шүмек); Тілеймін (кішкентай бөбек); Сәлеметсің бе! (алақанын тигізеді). Үй тапсырмасын тексеру Үй тапсырмасын топ басшылар топ мүшелерінің үй тапсырмаларын тексеріп шығады. /жауабын интербелсенді тақтада көрсетемін/. Үй тапсырмасын дұрыс, бұрыстығын тексеріп, оқушылар **«Бағдаршам»** әдісі арқылы өздерін бағалайды.	5e3ad38169ffb.png type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10)	Өткен сабақ бойынша білімдерін тексеру **«Бор беру стратегиясы»** әдісі арқылы үй тапсырмасын қорытындылау. Сандарды салыстырыңдар: 1) 11 және -3 2)-2 және |-6| 3)|-33| және -47 4)18 және -26 5)79 және |-12| 6)-16 және 46 7)-49 және 0 8)-7 және -7,1 9)11 және -11 10)5 және -4 Дұрыс, бұрыстығын тексеріп, оқушылар бір – бірін бағалайды. Топтық жұмыс. **«Қоржын»** әдісі арқылы әр топ өз тапсырмаларын таңдап алады. **1-қоржын**. №360 есеп тақтамен жұмыс Берілген теңсіздікті тура теңдікке айналдыратын барлық бүтін теріс сандарды жазыңдар: 1)-8,2≤x≤4 2)-3<x≤7 3)-7≤x<1,2 4)-5<x≤3 **Дескриптор: Білім алушы:** **Берілген теңсіздікті тура теңдікке айналдыратын барлық бүтін теріс сандарды жазады. Оқушыларды смайликтер арқылы бағалаймын.** **2-қоржын.** Координаталық түзуге ең үлкен және ең кіші рационал сандарды белгіле:-5; -4; -3; -2; -1; 0; **Дескриптор: Білім алушы:** **Координаталық түзу сызады;** **Берілген санды координаталық түзуге белгілейді;** **Ең үлкен және ең кіші рационал санды табады.** **3-қоржын.** Bilim land-тен тест тапсырмасы. **Дескриптор: Білім алушы:** **Bilim land-тен тест тапсырмаларын топпен бірлесе, ақылдаса орындау.** **«Басбармақ»** әдісі арқылы өз – өздерін бағалайды	5e3ad4cbb7243.jpg Image not found or type unknown https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/6-synyp/raczional-sandardy-salystyru?mid=0070a2f7-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051
Сабақтың соңы (10)	**«Bilimland»** арқылы тапсырмалар орындау. Тапсырмаларды жұппен орындайды. Тапсырмаларды орындап болған соң өз-өздерін **«Басбармақ»** әдісі арқылы бағалайды.	Жұптық жұмыс https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/6-synyp/raczional-sandardy-salystyru?mid=0070a2f3-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051
Рефлексия (5)	«Қызық,Қиын,Құнды» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.	